

БОЛАШАҚТА ЕҢ ҚАЖЕТ ЕТІЛЕТІН 10 МАМАНДЫҚ

Орындаған: Сарбасова Ақмаржан

Мамандық таңдау сатысында тұрғандар үшін аналитиктердің болашақта ең қажет етіледі деп тапқан 10 мамандығымен таныстырып өтейін.



• Ал, кеттік!!!


1.ИНЖЕНЕРЛЕР

- Қазірдің өзінде көп елдерде мықты инженерлердің жетіспеушілігі байқалады. Елдің өндіріс пен техника саласында дамуында бұл мамандардың орны ерекше.



2. ІТ САЛАСЫНЫҢ МАМАНДАРЫ

□ Әрине, бұл саланың адамдары біздің өмірімізге өте көлемді тамырын жайып үлгерді. Бірақ, бұл болашақта ІТ саласының мамандары көбейеді деген сөз емес. Өйткені, күнделікті өміріміз ақпараттық технологияларға барынша бейімделіп жатқан соң бұл мамандар қанша көп болса сонша жақсы болып тұр.



3. НАНОТЕХНОЛОГИЯ САЛАСЫНЫҢ МАМАНДАРЫ.



- Әлемдік эксперттердің болжауынша, нанотехнология саласы болашақта ғарыш, машина жасау, тамақ өндірісі, медицина сияқты ірі салаларда үлкен рөл ойнайтын болады. Сондықтан бұл саланы таңдасаңыз өкінбейсіз деп айта аламыз.

4. ЭЛЕКТРОНИКА ЖӘНЕ БИОТЕХНОЛОГИЯ МАМАНДАРЫ


- Бұл салалардың әлемдік сахнада өзіндік үлкен орны бар. Болашақта жаңа қуат көздері, электроникалық жаңалықтар мен жүйелер, молекулярлық медицинада өз еңбегіңізді сіңіргіңіз келсе аталған мамандық сіз үшін.



5. МАРКЕТОЛОГТАР

- Маркетологтар жұмыс басқару, бизнес, шаруашылық, тіпті мемлекеттік жүйеге өте қажетті болған, болып жатыр және бола бермек. Болашақта өндіруші мен тұтынушының ортасындағы ортақ көзқарастармен тығыз жұмыс жасап жетістікке жетуде бұл мамандардың ерекше орны болатыны сөзсіз.

**Өте қызықты мамандық
Менің 1-ші мамндығым**



6. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЙЫНША МАМАНДАР

- Адам баласы күннен күнге көбеюде, елдердің жағдайы жақсаруда. Уақыт өткен сайын қызмет көрсету бойынша сапаның жақсарғаны олар үшін ең басты нәрселерден бірі. Батыс елдері мен АҚШ-тың өмір сүру қалпына қарап оларға деген сұраныстың күн сайын артып жатқанын ұғуға болады



7.ЛОГИСТЕР

- Мемлекетті әлемдік нарықпен интеграция жасауда бұл мамандардың қажеттілігі айқын көрінеді. Өнімдерді шетке шығару мен ішке кіргізуде, халықаралық және ішкі тұтынушылар іздеуді жоғарғы сапада атқаратын мамандар тапшы болғандықтан, дәл қазір әлемдік нарыққа шығудағы "қазанымыздың" бір құлағы кем болып тұр.



8. ЭКОЛОГТАР

Қалалар үлкейіп, өндірістер көбейген соң әрине, өте үлкен экологиялық мәселелер пайда болуда. Оларды шешу үшін жоғарғы дәрежелі мамандар қажет-ақ. Үлкен қалалардағы кептелістер т.б. мен адам өмірінің ұзаруы бойынша экологтардың жоғары үлесі болады деп күтілуде




9. ДӘРІГЕРЛЕР

- Адам адам болғалы бері ол — ауырады, өміріне қауіп төнеді. Бұл процесс тіршілік біткенше жалғасатыны сөзсіз. Сондықтан дәрігерлерге нан мен суға зар болар күннің ауылы өте алыс десек те болар



10. ХИМИКТЕР

- Әрине, мұнай сарқылатын өндіріс көзі болғандықтан, болашақтағы химиктердің негізгі міндеті альтернативті өндіріс пен энергия көздерін табуда болып тұр. Бірақ қазірдің өзінде жақсы химиктеріміз болмағандықтан мұнайды өз ішімізде өндіре алмай отырмыз.





- Рахмееееет!!!!